

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ғ. ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА  
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Электр машиналары және электр жетегі кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»  
Кафедра меңгерушісі  
т.ғ.к., профессор Оржанова Ж.К.  
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)  
« \_\_\_\_\_ » 20\_\_ ж.  
(қолы)

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: Кранның көтеру механизмінің электржетегін жобалау  
5B071800 - «Электр энергетика» мамандығы бойынша

Орындаған Құрманбай Арман Нұрғалиұлы ЭАТк – 16 – 4  
(аты - жөні) (тобы)

Жетекші Мустафин Марат Асқарович, т.ғ.д., профессор  
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)  
« \_\_\_\_\_ » 20\_\_ ж.  
(қолы)

Кеңесшілер:

Техникалық бөлімі бойынша:

Тойгожинова Жанар Жумакановна, аға оқытушы  
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)  
« \_\_\_\_\_ » 20\_\_ ж.  
(қолы)

Экономикалық бөлім бойынша:

Түзелбаев Бақберген Ибадиллаевич, PhD докторы  
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)  
« \_\_\_\_\_ » 20\_\_ ж.  
(қолы)

Өмір тіршілігі қауіпсіздігі бойынша:

Мусаева Ж.К., б.ғ.к., доцент  
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)  
« \_\_\_\_\_ » 20\_\_ ж.  
(қолы)

Пікір жазушы:

Сәрсенбаев Ерлан Алиасқарович, PhD докторы  
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)  
« \_\_\_\_\_ » 20\_\_ ж.

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**Ғ. ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА  
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ**

Электр энергетика және электр техника институты  
5B071800 - «Электр энергетика» мамандығы  
Электр машиналары және электр жетегі кафедрасы

жұмысты орындауға берілген

**ТАПСЫРМА**

Студент Құрманбай Арман Нұрғалиұлы  
(аты - жөні)

Жұмыс тақырыбы Кранның көтеру механизмінің электржетегін жобалау

Ректордың « 11 » 11 2019 № 147 бұйрығы бойынша бекітілген.  
Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: « 28 » мамыр 2020 ж.

Жұмысқа бастапқы деректер (талап етілетін жұмыс

нәтижелерінің параметрлері және нысанның бастапқы деректері)

Кранның параметрлері: Нысан 15 тона жүк көтергіш көпірлік кран;

максималды көтеру биіктігі -12,5; номиналды жылдамдығы-0,2 м/с;

ілгіштің салмағы –700кг; Барабанның диаметрі –0,64м; Барабаның

инерциялық моменті – 1200кг/с<sup>2</sup>; Берілістің номиналды ПӘК-85%;

ілгіштің жылдамдық ҚУ-10%, электр қозғалтқыштың параметрлері

Дипломдық жұмыста әзірлеуге жататын сұрақтар тізімі немесе  
қысқаша мазмұны:

1. Техникалық бөлім

2. Кранның электр жетегі жүйесін анықтау және жүйенің күштік  
элементтерін таңдау

3. Жиілікті реттелетін электр жетегінің автоматты басқару жүйесі

4. Асинхронды электр жетегін математикалық және  
компьютерлі модельдеу

5. Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімі

6. Экономикалық бөлім

Сызба материалдарының (міндетті түрде дайындалатын сызуларды көрсету) тізімі

1. Көпірлік кранның құрылысы

2. Көпірлік кранның көтеру механизмінің кинематикалық сұлбасы

3. Кранның жылдамдық және жүктеме диаграммасы

4. 5АИ280S8 сериялы қозғалтқышының көрінісі

5. Асинхронды қозғалтқыштың негізгі алмастыру сұлбасы

6. Асинхронды электр қозғалтқышының механикалық сипаттамалары

7. Жиілікті реттелетін асинхронды электр жетектің тұйықталған жүйесінің функционалды сұлбасы

8. Көпірлі кранның асинхронды э машина моделінің құрылымдық сұлбасы

9. Жүктемені алып тастамаған кездегі қысқа тұйықталған роторлы асинхронды машинаның өтпелі процестері

10. Өмір тіршілік қауіпсіздігі

11. Экономикалық бөлім

Негізгі ұсынылатын әдебиеттер:

1. Мальцева О.П., Удун Л.С., Кояин Н.В. Системы управления асинхронных частотно-регулируемых электроприводов. – Томск: Изд. ТПУ, 2011.

2. Ляхомский А.В., Фащленко В.Н. Автоматизированный электропривод горных машин и установок. Учебное пособие / Под ред. А.В. Ляхомского. – Издательство «Горная книга», 2014.

3. Шеховцев П.В. Расчет и проектирование ОУ и электроустановок промышленных механизмов / М.:ФОРУМ, 2010.

Жұмыс бойынша бөлімшелерге қатысты белгіленген кеңесшілер

Бөлімшелер	Кеңесші	Мерзімі	Қолы
Техникалық бөлім	Тойгожинова Ж.Ж.		
Өмір тіршілік қауіпсіздігі	Мусаева Ж.К.		
Экономикалық бөлім	Тузелбаев Б.И.		

Диплом жұмысын дайындау

К Е С Т Е С І

№ р/с	Тарау аттары, әзірленетін сұрақтардың тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
1.	<i>Техникалық бөлім</i>	<i>18.11.2019</i>	
2.	<i>Кранның электр жетегі жүйесін анықтау және жүйенің күштік элементтерін таңдау</i>	<i>19.12.2019</i>	
3.	<i>Жиілікті реттелетін электр жетегінің автоматты басқару жүйесі</i>	<i>14.03.2020</i>	
4.	<i>Асинхронды электр жетегін математикалық және компьютерлі модельдеу</i>	<i>27.05.2020</i>	
5.	<i>Өмір тіршілік қауіпсіздік негіздері</i>	<i>08.05.2020</i>	
6.	<i>Экономикалық бөлім</i>	<i>28.05.2020</i>	

Тапсырманың берілген уақыты « 18 » қараша 2019 ж.

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Оржанова Ж.К., т.ғ.к., профессор  
 (қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Жұмыс жетекшісі \_\_\_\_\_ Мустафин Марат Аскарович, т.ғ.д., профессор  
 (қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Орындалатын тапсырманы қабылдаған студент \_\_\_\_\_ Құрманбай А.Н.  
 (қолы) (аты -жөні)

## Аңдатпа

Дипломдық жұмыста көпірлік кранның құрамы мен технологиясының сипатамасы келтіріліп, оның электр жетегіне қойылатын басты талаптары қарастырылған. Кранның кинематикалық сұлбасы, электр жетегінің механикалық бөлігінің параметрлері анықталып, асинхронды қозғалтқышы таңдалып, оның параметрлері анықталған. Сонымен қатар, табиғи механикалық және электр механикалық сипаттамалары тұрғызылған.

Жиілікті реттелетін электр жетегінің автоматты басқару жүйесі таңдалып, оның параметрлері анықталған. Асинхронды машинаның құрылымдық сұлбасы мен өтпелі процестері қарастырылған. Жиілікті реттелетін электр жетегі өңделіп, оның жұмысы ЭЕМ арқылы MATLAB бағдарламасында моделдеу әдісімен зерттелді. Сонымен қатар іске қосу мен тежеу режимдерін тиімді басқаруы анықталған.

Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде өмір тіршілік қауіпсіздік негіздерін еңбек жағдайларында қолдану мәселері қарастырылған, қауіпті және зиянды өндіріс факторларын анықталған.

Экономикалық бөлімде кран жабдықтары үшін электр жетегі жүйесін таңдау нұсқаларының техникалық-экономикалық негіздері қарастырылып, күрделі салымдар мен пайдалану шығындарына есептеулер жүргізілген.

## **Аннотация**

В дипломной работе приведена характеристика технологии и состава мостового крана, предусмотрены основные требования к электроприводу. Определена кинематическая схема крана, определены параметры механической части электропривода, выбран асинхронный двигатель и определены его параметры. Кроме того, создаются естественные механические и электромеханические характеристики.

Выбрана система автоматического управления частотно-регулируемым электроприводом и определены его параметры. Рассмотрены блок-схема и переходные процессы асинхронной машины. Был разработан частотно-управляемый электропривод, и его работа была изучена с помощью компьютерного моделирования в MATLAB. Также установлено, что он эффективно контролирует режимы запуска и остановки.

Раздел по безопасности жизнедеятельности посвящен применению основ безопасности жизнедеятельности в условиях труда, выявляет опасные и вредные факторы производства.

В экономическом разделе приводится технико-экономическое обоснование выбора системы электропривода для кранового оборудования, расчеты капитальных вложений и эксплуатационные расходы.

## **THE SUMMARY**

The thesis describes the technology and composition of an overhead crane, provides basic requirements for an electric drive. The kinematic diagram of the crane is determined, the parameters of the mechanical part of the electric drive are determined, an induction motor is selected and its parameters are determined. In addition, natural mechanical and electromechanical characteristics are created.

A system for automatic control of a frequency-controlled electric drive is selected and its parameters are determined. The block diagram and transients of an asynchronous machine are considered. A frequency-controlled electric drive was developed, and its work was studied using computer simulation in MATLAB. It was also found that it effectively controls the start and stop modes.

The section on life safety is devoted to the application of the basics of life safety in working conditions, identifies dangerous and harmful factors of production.

The economic section provides a feasibility study for the selection of an electric drive system for crane equipment, calculations of capital investments and operating costs.

## Мазмұны

	Кіріспе	10
1	Техникалық бөлім	11
1.1	Көпірлік кранның құрамы және сипаттамасы	11
1.2	Көпірлік кранның электр жетегіне қойылатын басты талаптары	14
2	Кранның электр жетегі жүйесін анықтау және жүйенің күштік элементтерін таңдау	15
2.1	Көпірлік кранның электр жетегі жүйесін таңдау	15
2.2	Кранның кинематикалық сұлбасы, электр жетегінің механикалық бөлігінің параметрлерін анықтау	16
2.3	Электр жетектің қозғалтқышын таңдау және параметрлерін есептеу	20
2.3.1	Кранның электр қозғалтқыш параметрлерін есептеу	22
2.3.2	Каталогтағы берілген деректерге сәйкес электр қозғалтқыштың алмастыру сұлбасының параметрлерін анықтау	23
2.3.3	Асинхронды электр қозғалтқыштың табиғи механикалық және электр механикалық сипаттамаларын есептеу және құру	26
2.3.4	Асинхронды электр жетектің механикалық және электр механикалық сипаттамаларын есептеу, тұрғызу	30
2.3.5	Асинхронды электр жетегінің механикалық бөлігінің параметрлерін есептеу	32
2.3.6	Көпірлі кранда қоланылатын жиілікті түрлендіргішті таңдау	34
3	Жиілікті реттелетін электр жетегінің автоматты басқару жүйесі	36
3.1	Электр жетегінің автоматты басқару жүйесінің параметрлерін есептеу	36
4	Асинхронды электр жетегін математикалық және компьютерлі модельдеу	38
4.1	Асинхронды қозғалтқышты математикалық бейнелеу	38
4.2	Қысқа тұйықталған роторы бар асинхронды машиналардың дифференциалдық теңдеулері	42
4.3	Асинхронды машинаның дифференциалдық теңдеулері	43
4.4	Тұйықталған жиілікті реттелетін асинхронды электр жетектің құрылымдық сұлбасы және математикалық бейнеленуі	45
4.5	Асинхронды машинаның құрылымдық сұлбасы және өтпелі процестері	46
4.6	Іске қосу мен тежеу режимдерін тиімді басқару	50
5	Өмір тіршілік қауіпсіздік негіздері	57
5.1	Өмір тіршілік қауіпсіздік негіздерін еңбек жағдайларында қолдану	57
5.2	Қауіпті және зиянды өндіріс факторларының анықтамасы және оны анықтау	58
5.3	Кранның әсерлік аймақтарын анықтау	59
5.4	Төтенше жағдайлардағы қызметтер	63
5.5	Желдеткіштің параметрлерін есептеу және орналастыру	64



6	Экономикалық бөлім	68
6.1	Кран жабдықтары үшін электр жетегі жүйесін таңдау нұсқаларының техникалық-экономикалық негіздері	68
6.2	Күрделі салымдарды және пайдалану шығындарын есептеу	69
6.3	Күрделі салымдар мен пайдалану шығындарын есептеу (жоба нұсқасы)	73
6.4	Экономикалық жұмыс орындарының есептеуі	77
	Қорытынды	78
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	79

## Кіріспе

Кран жабдығы өндіріс экономикасының барлық секторларын толығымен қамтитын механизмнің бірі болып саналады. Біздің өндірісте құрастырылып, шығарылатын жүк көтеретін машиналар негізгі жұмыс механизмі болып саналатын жетектен тұрады. Сондықтан бұл машиналардың жұмысы кран жабдықтарының қолданылуының сапа көреткішіне тәуелді.

Транспортта, құрылыстарда және барлық халық шаруашылығында жүктердің қозғалысы жүкті көтеру амалдарына байланысты және әртүрлі жүк көтеру машиналарымен орындалады.

Жүк көтеретін машинаның электр жетегінің ерекше түрін қолданудың салдарынан кран механизмі үшін арнайы электр қозғалтқышы мен аспаптарды шығарыла бастады. Қазіргі кезде кран электр жабдықтарының құрамына кранның айнымалы тоқты және тұрақты тоқты қозғалтқыштарынан, күштік және магниттік бақылағыштардан, бұйрық бақылағыштарынан, шығс ажыратқышынан және т.б. тұрады.

Кран жабдықтарын қолдануды арттыру бағыттары: энергия тұтынуды төмендету және жұмысқа сенімділігін арттыру. Электр жетегінде қысқа тұйықталған роторлы асинхронды қозғалтқышты қолдану қазіргі кезде көп қолданылып жатқан кранды жаңарту әдісі болып саналады. Кранда басқа жүйелермен салыстырғанда жиіліктік-реттелетін электр жетегін пайдалану тиімді болып келеді. Себебі жұмыс сапасын арттыруға және басқару жүйесін тиімді қолдануға, берілген бағдарламаға сәйкес жүкті автоматты түрде қозғалтуға, кранды автоматты басқару жүйесіне жүйесіне енгізуге, жетек пен оның барлық механизмдерінің қызмет ету мерзімі мен сенімділігін арттыруға, қызмет көрсету процесін жеңілдетуге, электр энергиясын үнемдеуге көмектеседі. Бұл аталғандар осы жүйенің артықшылықтары деп қарастырсақ та болады.

Дипломдық жұмыстың мақсаты жиілікті реттелетін электр жетегін өңдеу және оның жұмысын ЭЕМ арқылы MATLAB бағдарламасында моделдеу әдісімен зерттеу.

## 1 Техникалық бөлім

### 1.1 Көпірлік кранның құрамы және сипаттамасы


Көпірлі кран-өнеркәсіптік жүк көтергіш жабдықтың ең көп таралған түрі. Кранның конструкциясы өндірістік бөлменің әрбір шаршы метрін оның әлеуетті қызмет аясын барынша толық қосуға мүмкіндік береді. Алға-артқа және оңға-солға қарай еркін қозғала отырып, көпірлі крандар үй-жайдың құрылыс биіктігін де пайдаланады және жүктерді іс жүзінде жұмыс кеңістігінің кез келген нүктесіне жеткізеді. Сонымен қатар, көпірлі кран бөлменің өте аз пайдалы алаңын алады, өйткені оның конструкциясының негізгі элементтері жұмыс бөлмесінің жоғарғы қабатында орналасқан. Үлкен жүктемеге және қарқынды пайдалану режиміне қарамастан, көпірлі крандар салыстырмалы түрде металл сыйымды жабдық болып саналады. Көпірлі крандарды қолдану аймағы өте кең. Көпірлі кран конструкциялары машина жасаудағы, химия және мұнай өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарындағы, ірі көлік тораптары мен қойма үй-жайларындағы, жылу электр станциялары мен тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарындағы технологиялық жабдықтардың ажырамас бөлігі. Берілген техника түрі көтергіш жабдықтың бір түріне жататындықтан, көпірлі кранның жұмыс істеу принципі көбінесе осы машиналармен ұқсас. Басты ерекшелігі - конструкцияның барлық көтергіш элементтері тікелей төселген кран жолына тіреледі.

Көтергіш арқалықтың орнын ауыстыру рельстер бойынша жүргізіледі, олар өндірістік құрылыстан тыс эстакадаларда немесе оның ішкі қабырғаларында құрастырылады. Көпір бойынша арнайы көтеру шығырымен жабдықталған жүк арбасының қозғалысы жүреді. Көпірлі кранның функционалдық мақсатын кеңейту үшін қосымша құрылғылар ретінде грейферлер немесе әр түрлі қуатты магниттер қолданылуы мүмкін. Кең функционалды жиынтық көтергіш крандарды ірі өнеркәсіпте ғана емес, сонымен қатар қойма шаруашылығын жүргізу кезінде де, құрылыс индустриясында да қолдануға мүмкіндік береді.

Көпірлік кранның құрылысы 1.1 суретте, ал 1.2 суретте жалпы көрінісі көрсетілген [5].

Кранның көпірі шеткі қосылған екі аралық арқалықтан тұрады. Қорапты қима арқалықтары екі тік қабырғадан, жоғарғы және төменгі көлденең белдеулерден жасалған. Аралық арқалықтың жоғарғы белдігіне жатық рельс бекітілген, оның ұшында арбаның шеткі жағдайын шектеу үшін тіректер орнатылған. Қиманың тікбұрышты нысанын және тік қабырғалардың орнықтылығын қамтамасыз ету үшін аралық арқалықтың ішінде үлкен диафрагмалар дәнекерленеді. Бұдан басқа, артқы рельсінен тік қабырғаларға жүктемені біркелкі беру үшін шағын диафрагмалар бар. Аралық арқалықтардың бүйір қабырғаларында жүк арбасына және кранның қозғалу механизмдеріне қызмет көрсетуге, сондай-ақ қатты троллейдерді (бұрыштық прокаты бар тіреулер) орналастыруға арналған таяныштары бар алаңдар

көзделген.



1.1 сурет – Көпірлі кранның құрылысы

Белгілеулер: 1. Тельфер; 2. Тельфер кабелі; 3. Басқару пульті; 4. Жүк арбаның жетегі; 5. Болат қанат; 6. Жүк ілгіш; 7. Рельс; 8. Кран қозғалтқышының жетегі; 9. Демпфер; 10. Жетектің дөңгелегі; 11. Бос жүріс дөңгелегі; 12. Басты дінгек; 13. Соңғы дінгек; 14. Рельс; 15. Тұйықталған тірек; 16. Қозғалыс дінгегі; 17. Троллей; 18. Жүк арба.



1.2 сурет – Көпірлік кранның жалпы көрінісі

Цилиндрлік дөңгелектері бар қозғалыс механизмдері әртүрлі схемалар бойынша орындалған: бір қозғалтқыштан орталық жетегі бар, тежегіші және екі доңғалаққа редуктормен, әрбір доңғалаққа бөлек жетегі бар, сондай-ақ фланецті қозғалтқышы және аспалы редуктормен. Цилиндрлік дөңгелектермен қатар конустық пішінді дөңгелектер қолданылады. Механизмдердің жетекті коникалық доңғалақтары орталық жетек кезінде конустың жоғарғы жағы сыртқы жағына орнатылған. Жеке жетегі бар механизмдерде конустық доңғалақтар конустың жоғарғы жағын сыртқы жаққа, ал жетекті емес - ішкі жаққа орнатады. Мұндай сұлба «кері конус» деп аталады. Мұндай доңғалақтарды орнату кранды рельс жолдарындағы орталықтандырады және рельс жолдарының қисық учаскелерін өту кезінде оның қисаюын тудырмайды.

Жүк арбасы жүкті көтеру және арбаның қозғалу механизмдері жинақталған бір ізге түсірілген тораптардан рамадан тұрады. Рама көлденең арқалықтармен жалғанған және үстіңгі жағынан төсеніш табағымен жабылған екі бойлық арқалықтан жүріс дөңгелектеріне тірелетін орындалған. Арбада ілгекті обойманың көтеру биіктігін шектегіштер, кранның, буфердің және қоршау сүйенішінің көпіріндегі оның шеткі орналасуын ажыратқыштарға арналған сызғыш көзделген. Арба салмағы  $0,3 - 0,4 Q$  ( $Q$  - жүк көтергіштігі, т) құрайды.

Жеңіл крандарда (1К, 2К, 3К режим топтары) көтеру механизмдері ретінде арба рамасында тұрақты бекітілген электроталдарды қолданады. Мұндай арбалардың салмағы  $0,2-0,25 Q$

Құрамындағы негізгі элементі бір белдік немесе екі блокты көпір болып табылады. Екі белдік крандарда көпір бойымен тельфермен жабдықталған жүк арбасы қозғалады. Екі белдік көпірлі кран бір белдік құрылыммен, тұрақтылығымен және ауыр жұмыс режимімен салыстырғанда үлкен. Жүк арбасы қозғалатын көпір шеткі арқалықтарға тірелетін екі параллель орналасқан жүріс арқалықтарының конструкциясы болып табылады. Екі белдік үлгідегі көпірлі крандар да жүк көтергіштігі бойынша анағұрлым өндіргіш болып саналады.

Жүк көтергіш машиналардың көпшілігінің электр жетегі көп қосылу жиілігі, жылдамдықты реттеудің кең диапазоны және механизмдердің үдеуі мен тежелуі кезінде тұрақты пайда болатын елеулі жүктемелер кезінде қайта қысқа мерзімді жұмыс режимімен сипатталады. Жүк көтергіш машиналарда электр жетегін пайдаланудың ерекше шарттары электр қозғалтқыштары мен кранды орындау аппараттарының арнайы серияларын құру үшін негіз болды. Жүк көтергіш машиналарды өндірумен айналысатын машина жасауды дамыту елдің халық шаруашылығын дамытудың маңызды бағыты болып табылады.

Крандар жұмыс кезінде алға, артқа және солға және оңға қарай жылжуы мүмкін. Сондай-ақ, объектілерді залдың кез келген орнына жылжытуға ыңғайлы. Көп кеңістік алмайды, өйткені үй-жайдың жоғарғы бөлігінде орналасады. Олар үлкен жүктеме мен жұмыс қарқындылығын көтере алады,

бірақ өз салмағы аз.

Қолданылу аймақтары: Металлургияда, мұнай өнеркәсібінде, құрылыс және жөндеулерде, трюмдер мен вагондарды тиеу мен түсіруде, автомобиль шеберханалары және сұрыптау цехтарында, материалдар қоймасы және тамақ өндірісінде.

Мақсаты мен қолданылу аясына байланысты жалпы өнеркәсіптік және арнайы құрылғылар ретінде ажыратылады. Әдеттегі орындауда жүкті басып алу үшін ілгектер қолданылады. Арнайы құрылғылар грейфер, магнит, лапалармен жабдықталған. Сонымен қатар бұл бөлімде шахта краны бар. Құрылысы бойынша көпірлі крандар екі және бір белдік болып бөлінеді. Кейбір жағдайларда үш және төрт белдік болуы мүмкін. Бұдан басқа, құрылғылар жүкті деформациядан және зақымданудан сақтандыру үшін қатты немесе иілгіш аспалы траверсамен жабдықталады. Монтаждау тәсіліне байланысты агрегаттар тіректі және аспалы болады.

Үлкен жүк көтергіштігі 50 тоннадан жоғары болатын электр жетегінен тұратын көпірлік крандар ауыр жүктерді тасымалдау үшін қолданылады. Ол механикалық, құрастыру цехтары мен монтаждау-жөндеу шеберханаларында кең қолданысқа ие.

## **1.2 Көпірлік кранның электр жетегіне қойылатын басты талаптары**

Жүктерді көтеруді, түсіруді және орнын ауыстыруды сапалы орындау үшін кран механизмдерінің электр жетегі мынадай басты талаптарды қанағаттандыруы қажет [7]:

1. Қозғалтқыш жылдамдығын салыстырмалы кеңейтілген шектерге дейін реттеуді қамтамасыз ету (қарапайым крандарға (3...6): 1, контейнерден тұратын крандарға (8...20): 1, мұнаралы крандарға (10...40):1. Сонымен қатар, электр қозғалтқыштың қуатын азайту мен жоғарылату механизмдерінің өнімділігін арттыруға жылдамдықты екі аймақты реттеуді қолданған дұрыс. Екі аймақтық жылдамдықты реттеуді қолдану үлкен жүктерді номиналды жылдамдықпен, ал жеңіл жүктерді жоғарғы жылдамдықпен жылжытуға мүмкіндік береді.

2. Кранның түріне және механизмнің түріне сәйкес ең аз жылдамдықты 0,02-ден 0,25 м/с дейінгі шекті аралықта болуын қамтамасыз ету.

3. Қатаң түрдегі механикалық сипаттамалары болады және жылдамдықтың шамасы жүктемеге аз тәуелді болып келеді.

4. Өтпелі процестердің ұзақтығы өте аз болғанда рұқсат етілген шектерге дейін үдеуді шектеу мүмкіндігі. Крандардың арнайы типтерінде қозғалыс және бұрылу механизмдерінің 0,1-ден 0,5 м/с дейінгі шектерде үдеуі болуы керек. Бұл шарттар саңылауларды таңдағанда механикалық берілістерде соққыларды әлсірету, жүріс дөңгелектерінің, арбалардың және көпірлердің сүйретілуін болдырмау және арқандарда ілінген жүктің жылжуын

азайту қажеттілігімен сипатталады, ол қарқынды екпіндеу және қозғалыс және бұрылу механизмдерінің күрт тежелуінде орындалады.

5. Кран-штабелердегі екі шегінде де дәл тоқтауды қамтамасыз ету...10мм болса, контейнерлік кран үшін 25...50 мм болуы тиіс.

6. Электр жетектің кері қимылдауын, оның қозғалтқыш және тежегіш режиміндегі жұмысын қамтамасыз ету. Көтеру механизмдерінде жүкті түсіру кезінде тежеуді және жүк салмағына байланысты қозғалтқыштан тежеу режиміне автоматты түрде ауысуды қамтамасыз ету тиіс.

7. Көп қозғалтқышты жетек кезінде электр сұлба қозғалтқыштар арасындағы жүктемені теңестіруді, ал қозғалыс механизмдері көпірдің қисаюын болдырмауды қамтамасыз етуі тиіс.

Электр жетек жүйесін таңдауда таңдап алынатын механизмнің жетегіне қойылатын технологиялық талаптарды ескерген жөн. Мұндай талаптарды белгілеу электр жетектің оңтайлы жүйесін таңдауды жеңілдетеді, яғни механизмнің қажетті пайдалану көрсеткіштерін қамтамасыз ететін барлық жүйелерден анағұрлым қарапайым болып келеді.

## **2 Кранның электр жетегі жүйесін анықтау және жүйенің күштік элементтерін таңдау**

### **2.1 Көпірлік кранның электр жетегі жүйесін таңдау**

Технологиялық айналымның механикалық жұмыстарын орындауда электр қуаты аз пайдаланатын электр жетек жүйесі пайдалы болып келеді.

Кранның әртүрлі жұмысты орындау айналымына мыналар жатады: жүк көтеру, жүкті қажетті қашықтыққа тасымалдау, жүкті түсіру және жүкті босатуы немесе ілуіде болатын үзіліс кезеңдері. Жұмыстың стандартты қосылу ұзақтығы  $ҚҰ=40\%$  деп қабылданады және бұл жұмыс айналымында төменгі жылдамдықпен қозғалу аймақтары да болады.

Электр жетек жүйелерін тиімді пайдалануды анықтағанда салыстырылатын бірнеше жүйелерді тек энергетикалық көрсеткіштері арқылы ғана емес, сонымен қатар келтірілген жылдықтың шығындарын да бағалауды ұмытпаған жөн.

Дипломдық жұмыста қарастыратын жүк көтергіштігі он бес тонналық кранның көтеру механизмнің қозғалтқышының қуаты 50 кВт жоғары және реттеу аралығы  $D \geq 20:1$  болғандықтан, орташа жұмыс режиміне жатады, ал жөндеу және құрастыру цехтарінде жүкті көтеру мен тасымалдауды орындайды. Осы аталған жағдайларды ескерсек, онда жоғарыда айтылған электр жетегінің талаптарына сәйкес көпірлік кранның көтеру механизмнің электр жетегінің тиімді жүйесі ретінде «Жиілікті түрлендіргіш-асинхронды қозғалтқыш» (ЖТ-АҚ) жүйесін қабылдауға болады.


## **2.2 Кранның кинематикалық сұлбасы, электр жетегінің механикалық бөлігінің параметрлерін анықтау**

Көпірлік кранның жұмыс механизмдері кинематикалық сұлбамен қарастырылады. Себебі қозғалғыштардың қарапайым бұрыштық жылдамдығы бар, көтеру барабанының, көпірдің немесе арбаның қозғалғыш доңғалақтарының жылдамдығына қарағанда айтарлықтай үлкен, онда кран құрылғыларының жұмыс істеу органдарына жылжуы редукторлар арқылы беріледі. Өсу құрылғылары үшін Б барабанынан жылжыту арқылы ілгекті берілетін полиспастымен (2.1 сурет) сұлба сымдарының ең үлкен пайдаланылуы. Кран көпірінің қозғалу механизмі жүріс дөңгелектерінің бөлек жетегімен немесе орталық жетегімен жүреді. Бұл механизм барабанынан шығатын ілмекті суспензия блоктарын, айналма блоктар мен теңестіру блогын, тежегішпен жабдықталған беріліс қорабынан, жоғары жылдамдықты біліктен және электр қозғалтқышынан тұрады. Көтеру механизмдерінде тарту үшін тізбекті көтергіш қолданылады, ол қозғалмалы (ілгек суспензиясында) және бекітілген (айналмалы) блоктардан тұрады. Жүк көтергіштігі 80 ... 320 т крандардың көтеру механизмдері дәл осылай орындалады, олар қосымша түсіру редукторының немесе екінші редуктордың қатысуымен ғана ерекшеленеді, оның көмегімен негізгі редуктордың шығыс білігі барабанға қосылады. Бұл жағдайда екінші редуктор жоғары жылдамдықтағы беріліс функциясын орындайды. Қосымша беріліс доңғалақ барабанға мықтап жалғанған, редуктор тіректерге бөлек білікке орнатылып, редуктордың ілмегін қолданып немесе беріліс қорабының шығыс білігіне бекітілген негізгі беріліс қорабының шығыс білігіне қосылған. Беріліс білігіне әсер ететін кантильватордың салмағын азайту үшін редуктор корпусына бекітілген қосымша тіреуішті пайдаланамыз.

Үлкен жүк көтергіштігі 50 тоннадан жоғары болатын электр жетегінен тұратын көпірлік крандар ауыр жүктерді тасымалдау үшін қолданылады. Ол механикалық, құрастыру цехтары мен монтаждау-жөндеу шеберханаларында кең қолданысқа ие.

Көпірлік кранның көтеру механизмінің кинематикалық сұлба 2.1 суретте және оның негізгі параметрлері 2.1 кестеде көрсетілген [9].





2.1 сурет – Көпірлік кранның көтеру механизмінің кинематикалық сұлбасы

Мұндағы: К-электрқозғалтқышы; Т-тежегіш; Р-редуктор; Б-барабан; П-полиспаст.

Механизмнің Р редуктор арқылы қозғалысы барабанының айналуына әкеледі. Арқан жүкті көтеру мен түсіру кезінде оралады. Жүк қармаушы механизм НБ жылжымалы блоктарына ілінеді. НБ полиспаст блоктары шығырларына қатысты жылжымайтын мүлікті құрайды. Қозғалыс жүкті ілмектеу үшін жұмысқа тапсырылады, содан кейін арқанның әлсіздігі таңдалады.

Жүкті жоғары көтергенде қозғалтқыш тежеледі, тежегіш мотор білігіне бекітіледі. Жүкті ілінген күйде ұстап тұру тежегішпен орындалады. Бұл кезде қозғалтқыш тежегіш режимінде жұмыс істейді. Жүкті алаңға орналастырған кезде түсіру жылдамдығы төмендейді, жүк баяу орнатылады. Жүктерді босатуға арналған арқан тартқышы босатылады, ілгек ілініп, жұмысты қайталау айналымы басталады. Жүк көтергіш машиналар тиеу дәрежесі, жұмыс уақыты, операцияларды жүргізу қарқындылығы, жүк көтергіш операциялардың жауапкершілік дәрежесі және пайдаланудың климаттық факторлары бойынша пайдаланудың әр түрлі шарттары үшін дайындалады. Бұл шарттар жүк көтергіш машиналардың негізгі параметрлерімен қамтамасыз етіледі. Көтеру механизмінің негізгі параметрлеріне мыналар жатады: жүк көтергіштігі, ілгекті көтеру жылдамдығы, жұмыс режимі, жүк ұстағыш құрылғыны көтеру биіктігі.

Номиналды жүк көтергіштігі жүк көтергіш машинамен көтерілетін ілмектегі немесе басып алу құрылғысындағы номиналды жүктің салмағы. Ілгекті көтеру жылдамдығын осы жүк көтергіш машина қатысатын технологиялық процесс талаптарына, жұмыс сипатына, машина түріне және

оның өнімділігіне байланысты таңдайды. Жүк көтергіш машиналардың жұмыс тәртібі циклді. Цикл жүктің берілген траектория бойынша орын ауыстыруынан және жаңа цикл үшін бастапқы жағдайға оралудан тұрады. Механизмдердің жұмыс режимдерінің топтары бойынша жіктелуі механизмдердің жұмыс істеу мерзімі мен Кранның орташаланған жүктелу дәрежесі бойынша жиынтық жұмыс уақытының параметрлері бойынша жүзеге асырылады.

2.1 кесте – Көпірлік кранның параметрлері

Параметрлердің аталуы, өлшем бірлігі	Белгіленуі	Мәні
Жүкті көтергіштігі, т.	$m_{\Gamma}$	15
Ілмектің салмағы, кг.	$m_{\kappa}$	600
Көтеру биіктігі, м	H	16,5
Жүкті көтерудің ең жоғары жылдамдығы, м / с.	$V_{\max}$	0,3
Барабанның параметрлері, өлшем бірлігі		
Диаметр, м	$D_{\delta}$	502
Барабанның инерция моменті, кг	$J_{\delta}$	1200
Редуктордың параметрлері		
Берілістің номинал ПӘК, %	$\eta_{\text{НОМ}}$	85
Редуктордың беріліс саны	$i_{\text{ред}}$	32,4
Полиспастың еселігі	$i$	4

Жүкті көтерудегі статикалық қуат мына теңдеумен анықталады:

$$P_{\text{СТ}}^{\uparrow} = \frac{g(m_{\Gamma} + m_{\kappa})}{1000 \cdot \eta_{\text{НОМ}}} \cdot v_{\text{НОМ}} = \frac{9,8 \cdot 15600 \cdot 0,3}{1000 \cdot 0,85} = 53,95 \text{ кВт}. \quad (2.1)$$

Жүкті түсірудегі статикалық қуат мына теңдеумен анықталады:

$$P_{\text{СТ}}^{\downarrow} = \frac{g(m_{\Gamma} + m_{\kappa})}{1000 \cdot \eta_{\text{НОМ}}} \cdot v_{\text{НОМ}} \left( 2 - \frac{1}{\eta_{\text{НОМ}}} \right) = \frac{9,8 \cdot 15600 \cdot 0,3}{1000 \cdot 0,85} \cdot \left( 2 - \frac{1}{0,85} \right) = 44,43 \text{ кВт}. \quad (2.2)$$

Ілмекті көтерудегі статикалық қуат мына теңдеумен анықталады:

$$P_{\text{СТ.К}}^{\uparrow} = \frac{g m v_{\kappa}}{\eta_n} = \frac{9,8 \cdot 600 \cdot 0,3 \cdot 2}{0,34} = 10,37 \text{ кВт}; \quad (2.3)$$

Қозғалтқыш коэффициенті:

$$\alpha = 0,07; \quad \kappa_3 = \frac{m_{\kappa}}{m_{\Gamma} + m_{\kappa}} = \frac{600}{15600} = 0,038; \quad (2.4)$$

Пайдалы әсер коэффициенті:

$$\eta_n = \frac{1}{\frac{1}{\eta_{\text{НОМ}}} + \frac{\alpha}{\kappa_3} - \alpha} = \frac{1}{\frac{1}{0,85} + \frac{0,07}{0,038} - 0,07} = \frac{1}{2,948} = 0,34. \quad (2.5)$$

Ілмекті түсірудегі статикалық күш мына теңдеумен анықталады:

$$P_{\text{СТ.К}}^{\downarrow} = P_{\text{СТ.К}}^{\uparrow} \cdot (2\eta_n - 1) = 10,37 \cdot (2 \cdot 0,34 - 1) = -9,48 \text{ кВт}. \quad (2.6)$$

Техникалық амалдардың орындалу уақыты мына теңдеумен анықталады:

$$t_{\text{T}}^{\uparrow} = \frac{H}{v_{\text{НОМ}}} = \frac{16,5}{0,3} = 55 \text{ с}. \quad (2.7)$$

Ілмекті көтеру уақыты төмендегі теңдеулермен анықталады:

$$t_{\text{К}}^{\uparrow} = \frac{H}{2v_{\text{НОМ}}} = \frac{16,5}{2 \cdot 0,3} = 27,5 \text{ с}. \quad (2.8)$$

$$t_{\text{р.ц}} = 2t_{\text{T}}^{\uparrow} + 2t_{\text{К}}^{\uparrow} = 2 \cdot 55 + 2 \cdot 27,5 = 165 \text{ с}. \quad (2.9)$$

Осыған сәйкес:

$$\text{ПВ} = \frac{t_{\text{р.ц}}}{t_{\text{п.в}}} \cdot 100\% = \frac{165}{0,4} \cdot 100\% = 40\%. \quad (2.10)$$

$$T_{\text{ц}} = \frac{165}{0,4} = 412,5 \text{ с}. \quad (2.11)$$

$T_{\text{ц}} = 6,87$  минут  $< 10$  минутқа сәйкес болғандықтан, қайталанатын айнымалы қысқа мерзімді режимде жұмыс жасайды.


Уақыттың үзіліс аралығы төмендегі теңдеумен анықталады:

$$\sum t_0 = T_{\text{ц}} - t_{\text{р.ц}} = 412,5 - 165 = 247,5 \text{ с}; \quad (2.12)$$

$$\sum t_0 = t_{01} + t_{02} + t_{03} + t_{04};$$

$$t_{01} = t_{03} = 55 \text{ с}; \quad t_{02} = t_{04} = 27,5 \text{ с}.$$

Жоғарыда есептелінген кранның параметрлері бойынша қайталанатын айнымалы қысқа мерзімді режим үшін жүктеме сызбасы 2.2 суретте көрсетілген.



2.2 сурет - Кранның жылдамдық және жүктеме диаграммасы

### 2.3 Электр жетектің қозғалтқышын таңдау және параметрлерін есептеу

Жиілікті түрлендіргіш әдетте қысқа тұйықталған роторлы асинхронды электр қозғалтқышында қолданылады. Көптеген жағдайларда крандарды құрастырып, жасап шығаратындар қызметшілер кранның электр жетегін жаңартуының салдарынан жиілікті-реттелетін электр жетегіне арнайы орындалатын роторлары бар, жоғарғы кедергінің қорытпасымен құйылған кранның электр қозғалтқышын қолданады. Бұл жиі іске қосу процесінде жоғарғы тиімділікпен қамтамасыз ету талаптарымен түсіндіріледі. Онда қанағаттанарлықтай жылу режимін құру үшін іске қосу токтарының еселігін төмендету арқылы арнайы шаралар қолданылады, сонымен қатар белсенді материалдардың шығыны артады. Осы жағдайлар қозғалтқыштың салмағы мен құнының өсуіне әкеледі. Сондай ақ статор орамаларының уақытынан бұрын істен шығуына, ротор өзекшелерінің балқуына, көтергіштің электр жетегінде қолданылатын подшипниктер мен датчиктердің бұзылуына әкеледі. Басқару жүйесі үлкен қуатты жиілікті түрлендіргіштеріді және үлкен көлемді қозғалтқыштарды қолдану тиімді емес. Сондықтан электр жетегінде арнайы қозғалтқыштарды қолдану қажет.


Жоғарыдағы анықтамаларды ескере отырып, кранның көтеру механизмінің электр жетегі үшін 5AI280S8 типті асинхронды электр

ҚОЗҒАЛТҚЫШЫ ТАҢДАЛДЫ.

2.3 суретте 5АИ280S8 қозғалтқышының көрінісі және 2.4 суретте оның типтік өлшемі қима түрінде көрсетілген [22].



2.3 сурет – 5АИ280S8 сериялы қозғалтқышының көрінісі



2.4 сурет - Қозғалтқыштың типтік өлшемдері

5АИ280S8 электрлі асинхронды қозғалтқышының техникалық деректері 2.2 кестеде көрсетілген.

2.2 кесте - 5АИ280S8 электрлі асинхронды қозғалтқышының техникалық деректері

Қозғалтқыш -тың типтік өлшемі	Қуаты $P_2$ , кВт	Синхронд ы айналу жиілігі	Номиналды жүктеме кезінде		
			Айналу жиілігі	ПӘК $\eta_H$ , %	$\cos \varphi_H$
		$n_0$ , айн/мин	$n_H$ , айн/мин		
5АИ280S8	55	750	740	93.6	0.86
$M_{\max}/M_n$	$M_{\text{пуск}}/M_n$	$I_{\text{пуск}}$	$J_{\text{дв.}}$ кг·м <sup>2</sup>	Қорғаныс дәрежесі	Климаттың көрсеткіші
2,2	1,8	712,8 А	2.63	IP55	У3

Ескерту:

1. Техникалық сипаттамалары S3 (ПВ = 40 %) жұмысының арнайы режиміне келтірілген.

2. Қуаттың жиілігінің өзгеруі – 5-тен 50 Гц-ке дейінгі аралықта.

### 2.3.1 Кранның электр қозғалтқыш параметрлерін есептеу

Синхронды бұрыштық айналу жиілігі:

$$\omega = \frac{\pi \cdot n_0}{30} = \frac{\pi \cdot 750}{30} = 78,54 \frac{\text{рад}}{\text{с}}. \quad (2.3.1)$$

Электр қозғалтқыштың номиналды сырғуы:

$$s_H = \frac{n_0 - n_{\text{ном}}}{n_0} = \frac{750 - 740}{750} = 1,33. \quad (2.3.2)$$

Электр қозғалтқыштың номиналды айналу жиілігі:

$$\omega_{\text{дв.н}} = \frac{n_{\text{ном}}}{9,55} = \frac{740}{9,55} = 77,495 \frac{\text{рад}}{\text{с}}. \quad (2.3.3)$$

Электр қозғалтқыштың номиналды моменті:

$$M_{\text{қ.н}} = \frac{P_H \cdot 1000}{\omega_{\text{қ.н}}} = \frac{55000}{77,495} = 709,721 \text{ Н} \cdot \text{м}. \quad (2.3.4)$$

Электр қозғалтқыштың ең жоғары және іске қосу моменті мына теңдеумен анықталады:

$$m_{\text{макс}} = \frac{M_{\text{макс}}}{M_{\text{қн}}} = 2,2; \quad m_{\text{пуск}} = \frac{M_{\text{қос.}}}{M_{\text{қн}}} = 1,8. \quad (2.3.5)$$

Іске қосылу кезіндегі тогы:


$$k_{\text{іс.қос.}} = \frac{I_{\text{іс.қос.}}}{I_{1\text{н}}} = 6,6. \quad (2.3.6)$$

### 2.3.2 Каталогтағы берілген деректерге сәйкес электр қозғалтқыштың алмастыру сұлбасының параметрлерін анықтау

2.5 суреттегі асинхронды қозғалтқыштың алмастыру сұлбасының параметрлерін анықтап және шыққан нәтижелерін 2.3 кестеге енгіземіз [10].

2.3 кесте – Асинхронды қозғалтқыштың алмастыру сұлбасының есептеулер арқылы анықталған параметрлері

$R_1$ , Ом	$X_{1\sigma}$ , М	$L_{1\sigma}$ , Гн	$R'_2$ , Ом	$X'_{2\sigma}$ , Ом	$L'_{2\sigma}$ , Гн	$X_\mu$ , Ом	$X_k$ , Ом	$L_\mu$ , Гн
0,054	0,218	$6,95 \cdot 10^{-4}$	0,031	0,294	$9,354 \cdot 10^{-4}$	5,721	0,52	0,01821



2.5 сурет - Асинхронды қозғалтқыштың негізгі алмастыру сұлбасы

Қозғалтқыш статорының номиналды тогы:

$$I_{1\text{н}} = \frac{P_{\text{н}} \cdot 1000}{3 \cdot U_{1\text{н}} \cdot \cos \varphi_{\text{н}} \cdot \eta_{\text{н}}} = \frac{55000}{3 \cdot 220 \cdot 0,86 \cdot 0,936} = 103,525 \text{ А}. \quad (2.3.7)$$

Жүктеме кезіндегі қозғалтқыш статорындағы ток:

$$I_{11} = \frac{P_{\text{н}} \cdot p^*}{3 \cdot U_{1\text{н}} \cdot \cos \varphi_{p^*} \cdot \eta_{p^*}} = \frac{55000}{3 \cdot 220 \cdot 0,83 \cdot 0,936} = 80,938 \text{ А}. \quad (2.3.8)$$

мұндағы:

$p^*$  - асинхронды қозғалтқыштың жүктелу коэффициенті,  $p^* = 0,75$ ;

$\eta_{p^*}$ - қозғалтқышты жүктеу кезіндегі ПӘК,  $\eta_{p^*} = \eta_H$ .

Қозғалтқыштың жүктелу кезіндегі қуат коэффициенті:

$$\cos \varphi_{p^*} = 0,99 \cdot \cos \varphi_H = 0,99 \cdot 0,86 = 0,825. \quad (2.3.9)$$

Бос жүрістегі асинхронды қозғалтқыштың тогы:

$$I_0 = \sqrt{\frac{I_{11}^2 - \left(p^* \cdot I_{1H} \cdot \frac{1-s_H}{1-p^* \cdot s_H}\right)^2}{1 - \left(p^* \cdot \frac{1-s_H}{1-p^* \cdot s_H}\right)}} = \sqrt{\frac{80,938^2 - \left(0,75 \cdot 103,525 \cdot \frac{1-0,0133}{1-0,75 \cdot 0,0133}\right)^2}{1 - \left(0,75 \cdot \frac{1-0,0133}{1-0,75 \cdot 0,0133}\right)}} = 35,721. \quad (2.3.10)$$

Қозғалтқыштың критикалық сырғуы:

$$s_k = s_H \cdot \frac{k_M + \sqrt{k_M^2 - (1 - 2 \cdot s_H \cdot \beta \cdot (k_M - 1))}}{1 - 2 \cdot s_H \cdot \beta \cdot (k_M - 1)} =$$

$$= 0,0133 \cdot \frac{2,2 + \sqrt{2,2^2 - (1 - 2 \cdot 0,0133 \cdot 1 \cdot (2,2 - 1))}}{1 - 2 \cdot 0,0133 \cdot 1 \cdot (2,2 - 1)} = 0,061. \quad (2.3.11)$$

мұндағы:  $\beta$  - коэффициентінің мәнін 0,6-2,5 аралығына сәйкес  $\beta=1,7$  деп қабылдаймыз.

Қозғалтқыштың коэффициенттері мына теңдүлермен анықталады:

$$C_1 = 1 + \frac{I_0}{2 \cdot k_i \cdot I_{1H}} = 1 + 103,525 = 1,026; \quad (2.3.12)$$

$$A_1 = \frac{m \cdot U_{1H}^2 \cdot (1-s_H)}{2 \cdot C_1 \cdot k_M \cdot P_H} = \frac{3 \cdot 220^2 \cdot (1-0,0133)}{2 \cdot 1,026 \cdot 2,2 \cdot 55000} = 0,57. \quad (2.3.13)$$

Асинхронды қозғалтқыштың статор орамасына келтірілген ротор орамасының белсенді (активті) кедергісі мына теңдеумен анықталады:

$$R'_2 = \frac{A_1}{\left(\beta + \frac{1}{s_k}\right) \cdot C_1} = \frac{0,57}{\left(1,7 + \frac{1}{6,1}\right) \cdot 1,026} = 0,031 \text{ Ом}. \quad (2.3.14)$$

Статор орамының белсенді (активті) кедергісі мына теңдеумен анықталады:

$$R_1 = C_1 \cdot R'_2 \cdot \beta = 1,026 \cdot 0,031 \cdot 1 = 0,054 \text{ Ом}. \quad (2.3.15)$$

Қозғалтқыштың қысқа тұйықталу режимінің индуктивті кедергісін  $X_K$  табуға қажетті  $\gamma$  мәнін мына теңдеумен анықтайды:



$$\gamma = \sqrt{\left(\frac{1}{s_k^2}\right) - \beta^2} = \sqrt{\left(\frac{1}{0,061^2}\right) - 1^2} = 16,298; \quad (2.3.16)$$

Осы теңдеу арқылы есептелінген мәнге сәйкес:

$$X_k = \gamma \cdot C_1 \cdot R_2' = 16,298 \cdot 1,026 \cdot 0,031 = 0,52 \text{ Ом.} \quad (2.3.17)$$

Қозғалтқыштың статор орамның индуктивті кедергісі:

$$X_{1\sigma} = 0,42 \cdot X_k = 0,42 \cdot 0,52 = 0,218 \text{ Ом.} \quad (2.3.18)$$

Қозғалтқыштың статор орамының индуктивтілігі номиналды режимде сөйліу ағынымен өрнектеледі, ол мына теңдеумен анықталады:

$$L_{1\sigma} = \frac{X_{1\sigma}}{2 \cdot \pi \cdot f_{1H}} = \frac{0,218}{2 \cdot \pi \cdot 50} = 6,95 \cdot 10^{-4} \text{ Гн.} \quad (2.3.19)$$

Қозғалтқыштың статор орамасына келтірілген ротор орамның индуктивті кедергісі:

$$X_{2\sigma}' = \frac{0,58 \cdot X_k}{C_1} = \frac{0,58 \cdot 0,52}{1,026} = 0,294 \text{ Ом.} \quad (2.3.20)$$

Номиналды режимдегі сөйліу ағынымен жазылатын қозғалтқыштың статор орамының индуктивтілігі:

$$L_{2\sigma}' = \frac{X_{2\sigma}'}{2 \cdot \pi \cdot f_{1H}} = \frac{0,294}{2 \cdot \pi \cdot 50} = 9,354 \cdot 10^{-4} \text{ Гн.} \quad (2.3.21)$$

$$\begin{aligned} E_1 &= \sqrt{(U_{1H} \cdot \cos \varphi_H - I_{1H} \cdot R_1)^2 + (U_{1H} \cdot \sqrt{1 - \cos^2 \varphi_H} - I_{1H} \cdot X_{1\sigma})^2} = \\ &= \sqrt{(220 \cdot 0,86 - 103,525 \cdot 0,054)^2 + (220 \cdot \sqrt{1 - 0,86^2} - 103,525 \cdot 0,218)^2} = \\ &= 204,31 \text{ В.} \end{aligned} \quad (2.3.22)$$

Осы теңдеумен есептелінген мәнге сәйкес магниттеу контурының индуктивті кедергісі:

$$X_\mu = \frac{E_1}{I_0} = \frac{204,31}{35,712} = 5,721 \text{ Ом.} \quad (2.3.23)$$

Қозғалтқыштың статор токтарының жиынтық әсерімен (магниттендіру контурындағы индуктивтілік) пайда болатын әуе саңылауының магниттік ағынымен нәтиже беретін индуктивтілік:

$$L_{\mu} = \frac{X_{\mu}}{2 \cdot \pi \cdot f_{1H}} = \frac{5,721}{2 \cdot \pi \cdot 50} = 0,018 \text{ Гн.} \quad (2.3.24)$$

Асинхронды қозғалтқыштың есептелінген параметрлерінің дұрыстығын тексеру.

Жоғарыда анықталған параметрлердің көмегімен қозғалтқыштың номиналды электр магниттік моментінің мәні мына теңдеумен есептеледі:

$$M_{\text{ЭМ.Н}}^* = \frac{3 \cdot U_{1\phi H}^2 \cdot R_2'}{\omega_0 \cdot s_H \cdot \left[ X_{\text{кН}}^2 + \left( R_1 + \frac{R_2'}{s_H} \right)^2 + \left( \frac{R_1 \cdot R_2'}{s_H \cdot X_{\mu}} \right)^2 \right]} =$$

$$= \frac{3 \cdot 220^2 \cdot 0,031}{78,54 \cdot 1,33 \cdot \left[ 0,52^2 + \left( 0,054 + \frac{0,031}{1,33} \right)^2 + \left( \frac{0,054 \cdot 0,031}{1,33 \cdot 5,721} \right)^2 \right]} = 721,339 \text{ Н} \cdot \text{м}; \quad (2.3.25)$$

$$M_{\text{ЭМ.Н}}^{**} = \frac{3}{2} \cdot z_p \cdot \frac{L_m}{(L_m + L_{2\sigma}') } \cdot \varphi_{2H} \cdot \sqrt{2} \cdot \sqrt{I_{1H}^2 - I_0^2} =$$

$$= \frac{3}{2} \cdot 4 \cdot \frac{0,01821}{(0,01821 + 0,000695)} \cdot 0,92 \cdot \sqrt{2} \cdot \sqrt{103,525^2 - 35,712^2} = 721,274 \text{ Н} \cdot \text{м.}$$

мұндағы:

$$\varphi_{2H} = \sqrt{2} \cdot I_0 \cdot L_m = \sqrt{2} \cdot 35,712 \cdot 0,01821 = 0,92 \text{ Вб.} \quad (2.3.27)$$

Осыған сәйкес төмендегі шарттар орындалуы қажет:

$$M_{\text{дв.Н}} < M_{\text{ЭМ.Н}}^* \leq 1,1 \cdot M_{\text{дв.Н}} = 709,721 < 721,339 \leq 780,693;$$

$$M_{\text{ЭМ.Н}}^{**} \approx M_{\text{ЭМ.Н}}^* \cdot 721,274 \approx 721,339.$$

Жоғарыдағы есептеулердің нәтижелері бойынша бұл шарттар орындалады. Сондықтан асинхронды қозғалтқыштың есептелінген параметрлері дұрыс.

### 2.3.3 Асинхронды электр қозғалтқыштың табиғи механикалық және электр механикалық сипаттамаларын есептеу және құру

Асинхронды қозғалтқыштың табиғи механикалық сипаттамасы төмендегі теңдеулермен анықталады:

$$M(S, f_1) = \frac{3 \cdot \left[ U_{1\phi\phi}^2 \cdot \left( \frac{f_1}{f_{1H}} \right)^2 \right]^2 \cdot R_2'}{\omega_0 \cdot \frac{f_1}{f_{1H}} \cdot S \cdot \left( \left( X_{\text{кН}} \cdot \frac{f_1}{f_{1H}} \right)^2 + \left( R_1 + \frac{R_2'}{S} \right)^2 + \left( \frac{R_1 \cdot R_2'}{S \cdot X_{\mu} \cdot \frac{f_1}{f_{1H}}} \right)^2 \right)} =$$

$$= \frac{3 \cdot \left[ 220 \cdot \left( \frac{f_1}{50} \right)^2 \right]^2 \cdot 0,031}{78,54 \cdot \frac{f_1}{50} \cdot s \cdot \left( \left( 0,52 \cdot \frac{f_1}{50} \right)^2 + \left( 0,054 + \frac{0,031}{s} \right)^2 + \left( \frac{0,054 \cdot 0,031}{s \cdot 5,721 \cdot \frac{f_1}{50}} \right)^2 \right)}$$

$$\omega(s, f) = \omega_0 \cdot \frac{f_1}{f_{1H}} \cdot (1 - s).$$

Табиғи сипаттамадағы қозғалтқыштың критикалық моменті мен критикалық сырғуы төмендегі теңдеулермен анықталады:

$$M_k = 3 \cdot \frac{U_{1H}^2}{2 \cdot \omega_0 \cdot \left( R_1 + \sqrt{[R_1^2 + (X_{1\sigma} + X'_{2\sigma})^2]} \cdot \left( 1 + \frac{R_1^2}{X_{\mu}^2} \right) \right)} = \quad (2.3.29)$$

$$= 3 \cdot \frac{220^2}{2 \cdot 78,54 \cdot \left( 0,054 + \sqrt{[0,054^2 + (0,218 + 0,294)^2]} \cdot \left( 1 + \frac{0,054^2}{5,721^2} \right) \right)} =$$

$$= 1603 \text{ Н} \cdot \text{м}.$$

$$s_k = R'_2 \cdot \sqrt{\frac{\frac{R_1^2}{X_{\mu}^2} + 1}{R_1^2 + (X_{1\sigma} + X'_{2\sigma})^2}} = 0,128 \cdot \sqrt{\frac{\frac{0,054^2}{5,721^2} + 1}{0,054^2 + (0,218 + 0,294)^2}} = 0,059. \quad (2.3.30)$$


Асинхронды қозғалтқыштың номиналды электр магниттік моменті:

$$M_{\text{эм}} = \frac{3 \cdot U_{1H}^2 \cdot R'_2}{\omega_0 \cdot s_H \cdot \left( X_k^2 + \left[ \left( R_1 + \frac{R'_2}{s_H} \right)^2 + \left( R_1 + \frac{R'_2}{s_H \cdot X_{\mu}} \right)^2 \right] \right)} = \quad (2.3.31)$$

$$= \frac{3 \cdot 220^2 \cdot 0,031}{78,54 \cdot 0,0133 \cdot \left( 0,52^2 + \left[ \left( 0,54 + \frac{0,031}{0,0133} \right)^2 + \left( 0,054 + \frac{0,031^2}{0,0133 \cdot 5,721} \right)^2 \right] \right)}$$

$$= 721,339 \text{ Н} \cdot \text{м}.$$

Қозғалтқыштың жиілігі  $f_1 = f_{1H} = 50$  Гц болғанда табиғи механикалық сипаттамасы  $\omega = f(M)$  тәуелдігіне сәйкес тұрғызылады, бұл тәуелділіктің өзгеру қисығы 2.4 суретте көрсетілген [10].



2.4 сурет - Асинхронды қозғалтқыштың  $\omega = f(M)$  тәуелдігіне сәйкес табиғи механикалық сипаттамасы

Асинхронды қозғалтқыштың білігідегі үйкеліс күшінің моменті:

$$M_c = M_{эм} - M_{дв.н} = 721,339 - 709,721 = 11,618 \text{ Н} \cdot \text{м}. \quad (2.3.32)$$

Жоғарыда анықталған мәліметтер бойынша келесі шамаларды анықтаймыз:

- іске қосу моментінің еселігі:

$$m_{\Pi} = \frac{M_{эм.п}}{M_{эм.н}} = 2,2. \quad (2.3.33)$$

- ең жоғары критикалық моменттің еселігі:

$$m_k = \frac{M_{эм.к}}{M_{эм.н}} = 1,8. \quad (2.3.34)$$

- критикалық сырғу мәні:

$$s_k = \frac{\omega_0 - \omega_k}{\omega_0} = \frac{78,54 - 73,906}{78,54} = 0,059. \quad (2.3.35)$$

Асинхронды қозғалтқыштың  $I_1(s, f_1)$  және  $I_2'(s, f_1)$  тәуелдіктеріне сәйкес табиғи электр механикалық сипаттамалары төмендегі теңдеулермен анықталады:

$$I_1(S, f_1) = \sqrt{I_0^2(f_1) + I_2'^2(S, f_1) + 2 \cdot I_0(f_1) \cdot I_2'(S, f_1) \cdot \sin \varphi_2(S, f_1)}; \quad (2.3.36)$$


$$I_2'(S, f_1) = \frac{U_1(f_1)}{\sqrt{\left(R_1 + \frac{R_2'}{s}\right)^2 + \left(X_k \cdot \frac{f_1}{f_{1H}}\right)^2 + \left(\frac{R_1 \cdot R_2'}{s \cdot X_\mu \cdot \frac{f_1}{f_{1H}}}\right)^2}} = \frac{U_1(f_1)}{\sqrt{\left(0,054 + \frac{0,031}{s}\right)^2 + \left(0,52 \cdot \frac{f_1}{50}\right)^2 + \left(\frac{0,054 \cdot 0,031}{s \cdot 5,721 \cdot \frac{f_1}{50}}\right)^2}}; \quad (2.3.37)$$

